

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
14.09.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 14.09.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

**ТӨРАҒА.** Бірінші мәселе «2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Баттақов Ерлан Еркінұлына беріледі.

**БАТТАҚОВ Е.Е.** Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға Иранмен еркін сауда аймағын құруға алып келетін Уақытша келісімнің қолданысын ұзартуды көздейтін хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасы енгізілді.

Иран аймақтағы ірі және стратегиялық маңызды серіктес, 80 миллионнан астам халқы бар өте перспективалы нарық.

Уақытша келісімге 2018 жылғы 17 мамырда Астанада қол қойылды және 2019 жылғы 27 қазанда үш жыл қолдану мерзімімен күшіне енді.

Уақытша келісімнің қолданысы басталғаннан бері Қазақстан мен Иран арасындағы тауар айналымы 16,6 пайызға немесе 377,4 миллион АҚШ долларынан 440,1 миллион АҚШ долларына дейін өсті.

2020 жылы коронавирустық пандемия кезінде біз сауда белсенділігінің төмендегенін байқадық. Бұл негізінен әлемдік үрдіс. Алайда 2021 жыл жедел қалпына келтірді және тіпті 2019 жылғы мәндерден асып түсті. Бұл, сөзсіз, Уақытша келісімнің оң әсерін көрсетті.

Уақытша келісім шектеулі тауарлық қамтумен еркін сауда туралы келісімді білдіреді, алайда біз еркін сауда туралы толық форматты келісім жасасу бойынша келіссөздерді бастауды сол кезде уағдаластық.

Толық форматты келісім жасасу жөніндегі келіссөздер процесі белсенді фазада және ұзақ уақыт алуы мүмкін.

Осыған байланысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің басшылары Уақытша келісімнің қолданысын ұзартатын хаттамаға қол қою туралы шешім қабылдады.

Құрметті депутаттар, Уақытша келісімнің жарамдылығы ағымдағы жылдың 27 қазанында аяқталады.

Өз кезегінде, оң сауда серпінін және қазақстандық экспорттың потенциалын ескере отырып, біз сауданың преференциялық режимінің үзілуіне жол бермеуіміз керек.

Уақытша келісімге хаттаманы ратификациялау оның қолданылуын ұзартуға мүмкіндік береді және осылайша сауданың бажсыз режимін және отандық тауарлардың Иран нарығына шығуы үшін қолайлы жағдайларды сақтап қалады.

Заң жобасын іске асыру республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлуді талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Торғаев Бекқали Нұрғалиұлы.

ТОРҒАЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Уақытша келісім Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдер мен Иран арасындағы шектеулі тауар түрлері қамтылатын еркін сауда туралы келісімді білдіреді.

Еркін сауда аймағы туралы толық форматтағы келісім жасалғаннан кейін кедендік баждарды азайтуды немесе жоюды көздейтін өзара сауда тауарларының тізбесі кеңейе ме? Сонымен қатар Қазақстан үшін қандай маңызды тауарлар осы тізбеге енеді? Рақмет.

БАТТАҚОВ Е.Е. Иә, ол кеңейтіледі. Қорытынды құжатта барлық қолданыстағы баждарды кемінде 80 пайызға төмендету жоспарланды.

Біз Ираннан бидай, ұн, арпа, металлургия өнімдеріне баж салығын нөлге түсіру бойынша келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Егер осы тауарлар бойынша Иран нарығына жеткізетін болсақ, онда біз экспортты едәуір арттыра аламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Экранда сұрақ беруге жазылған басқа депутаттар жоқ. Сұрақтарымыз аяқталды.

Ерлан Еркінұлы, рақмет сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы депутат Ахметбеков Жамбыл Әужанұлына беріледі.

АХМЕТБЕКОВ Ж.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Данный протокол направлен на продление Временного соглашения, ведущего к образованию зоны свободной торговли между Евразийским экономическим союзом и его государствами-членами, с одной стороны, и Исламской Республикой Иран, с другой стороны, от 17 мая

2018 года, а также на развитие и укрепление торговых связей между странами Евразийского экономического союза и Исламской Республикой Иран.

Законопроектом предусматривается продление Временного соглашения на срок до октября 2025 года.

По основным направлениям законопроекта в своем докладе доложил первый вице-министр торговли и интеграции Республики Казахстан Баттаков Ерлан Еркинович.

Уважаемые коллеги, законопроект рассмотрен на заседании рабочей группы и расширенном заседании комитета.

Постоянными комитетами Мажилиса Парламента представлены положительные заключения по законопроекту.

Уважаемые депутаты, прошу поддержать данный законопроект и направить его на рассмотрение в Сенат Парламента Республики Казахстан. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жамбыл Әужанұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Рау Альберт Павловичқа беріледі.

РАУ А.П. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жаканұлы! Құрметті әріптестер! Временное соглашение, ведущее к образованию зоны свободной торговли между ЕАЭС и Ираном, способствует расширению казахстанско-иранских торговых отношений и продвижению нашего экспорта.

Согласно данному соглашению были взаимно снижены пошлины по целому ряду товаров, экспортируемых и импортируемых сторонами, что, как было отмечено, привело к росту взаимного товарооборота. В то же время обращает на себя внимание (и мы также обращали внимание Правительства на это, когда ратифицировали Временное соглашение) неравнозначность снижения импортных таможенных пошлин стран ЕАЭС и Ирана.

Так, иранская сторона снизила нам пошлины на 360 позиций товаров, мы им практически обнулили по 502 позициям. Но дело не в количестве позиций, так сложилась структура нашей взаимной торговли. Речь идет об уровне снижения пошлин.

Страны ЕАЭС не выращивают лимоны, фисташки, финики, креветок. Поэтому легко обнулили пошлины на эти товары, но мы также обнулили на кондитерские изделия, моющие средства, ковры и так далее.

Иранская сторона снизила нам пошлины на 97 видов продукции АПК и 263 промышленных товара. Снизили, но не обнулили. Когда сегодня докладчик говорил об обнулении, к нам это относится меньше.

Например, пошлина на мясо говядины была 26 процентов, стала 10 процентов (но все равно это пошлина), бобовые культуры – была 55 процентов, стала 10 процентов, макароны и кондитерские изделия – была 55 процентов, стала 20 процентов (это приличная пошлина, которая действовала три года и будет действовать до заключения постоянного соглашения), аккумуляторы – была 55 процентов, стала 38,5 процента



(это фактически заградительная пошлина), арматура, трубы – была 55 процентов, стала 38 процентов.

Опять смотрим нашу структуру. Две самые важные позиции – это наша сталь и наше зерно. Стальной прокат – пошлина была 20 процентов, стала 15 процентов. Поверьте, коллеги, на мировом рынке стали большое перепроизводство, и 15 процентов, которые сейчас действуют, – это также практически заградительная пошлина. Повторяю, это две самые главные наши позиции – сталь и зерно.

Сегодня из-за санкций мы потеряли 1 миллион 200 тысяч тонн стали в год, которые раньше поставляли. Сейчас из-за санкций не поставляем, но санкции же когда-то пройдут.

По зерну получилась вообще непонятная ситуация – в этом Временном соглашении нашего зерна и ячменя вообще нет! То есть мы им обнулили на лимоны, киви, на все подряд, а наше зерно (ведущая позиция) вообще не было включено.

Сейчас идут переговоры по переходу, то есть три года и еще на три года. Изначально было сказано, что это временное соглашение, и сейчас переговоры о полноформатном соглашении, как было сказано, находятся в активной фазе.

Призывая сегодня ратифицировать (естественно, мы должны ратифицировать), Правительству надо отстаивать наши национальные интересы по ведущим позициям. Не надо спешить, не надо идти на поводу у стран – партнеров по ЕАЭС. Надо защищать наши национальные интересы. Когда придете в следующий раз в Парламент, приходите уже с полноценным соглашением, чтобы наши национальные интересы были соблюдены.

С учетом таких пожеланий прошу поддержать и проголосовать за ратификацию. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Альберт Павлович.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 96, «жақтағандар» – 96. Қаулы қабылданды.



*Құжаттамалар қамтамасыз ету бойынша сектор меңгерушісі Мағұл Н. Мамбонбаев.*